**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ**

**ПОСТАНОВЛЕНИЕ ПРАВИТЕЛЬСТВА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

20___ жылғы _____ Астана қаласы, Үкімет Үйі от «___» _____ 20___ год

№ _____ № _____

Исх. № 953 от 23.10.2026, Вход № Д-5736//953 от 23.10.2026

Копия документа 29.10.2026 11:43

**«Әкімшілік органдардың әкімшілік рәсімдердің біркелкілігін қалыптастыру жөніндегі қызметін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 28 ақпандағы № 111 қаулысына толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Әкімшілік органдардың әкімшілік рәсімдердің біркелкілігін қалыптастыру жөніндегі қызметін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 28 ақпандағы № 111 қаулысына мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Әкімшілік органдардың әкімшілік рәсімдердің біркелкілігін қалыптастыру жөніндегі қызметін жүзеге асыру қағидалары мынадай мазмұндағы 3-тараумен толықтырылсын:

«3-тарау. Оңайлатылған әкімшілік рәсімді жүзеге асыру кезінде әкімшілік практиканың біркелкілігін қалыптастыру ерекшеліктері

17. Хабарламаларды, ұсыныстарды, үн қосуды және сұранымдарды қарау кезінде әкімшілік практиканың біркелкілігін қалыптастыру мақсатында әкімшілік органдар ӘРПІК-нің 89-бабында көзделген жауап беру, назарға алу не оңайлатылған әкімшілік рәсімді тоқтату туралы шешімдердің бірін қабылдайды.

Оңайлатылған әкімшілік рәсімді жүзеге асыру кезінде:

1) хабарлама бойынша мынадай мәліметтерді қамтитын жауап беріледі:

Қазақстан Республикасының заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінің бұзылу фактісі бойынша қабылданған немесе қабылданып жатқан шаралар, мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мемлекеттік заңды тұлғалардың, жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын заңды тұлғалардың және олардың лауазымды адамдарының жұмысындағы кемшіліктер туралы;

уәжді негіздемелер, аргументтер және өзге де дәлелдер келтіріліп, хабарламада баяндалған фактілердің расталмағаны туралы;

Рег.№ Д-5736//953 Рег.дата 23.10.2026 Копия электронного документа. Дата: 29.10.2026 11:43. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

2) ұсыныс бойынша оны одан әрі пысықтаудың және жұмыста ескерудің орындылығы бағаланады, бұл туралы ӘРПК-нің 89-бабының үшінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, арыз иесіне берілетін жауапта көрсетіледі.

Заңдарды жетілдіру туралы ұсыныстар «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 17-1-бабы 2-тармағының талаптары ескеріле отырып қаралады;

3) үн қосу назарға алынады не оған жауап беріледі;

4) заңнаманы түсіндіруге байланысты сұранымдарды қарау «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 60-бабының талаптары ескеріле отырып жүзеге асырылады.

Өзге сипаттағы сұраным бойынша қол жеткізу шектелген ақпаратты қоспағанда, арыз иесінің әрбір мәселесі бойынша ақпарат беріледі.

Оңайлатылған әкімшілік рәсімді тоқтату ӘРПК-нің 88-бабында көзделген жағдайларда және тәртіппен жүзеге асырылады.

18. Жолданым не жолданымда қамтылған бір немесе бірнеше өтінішхат, талап бұған дейін ӘРПК-нің 65-бабында көзделген тәртіппен өзге органдарға үш және одан да көп рет жіберілген болса және тағы жіберілетін болса, оларға жіберуді жүзеге асыратын әкімшілік орган, лауазымды адам ілеспе хатта тиісті мәселелерді қарауға өздерінің өкілеттіктерінің жоқ екенін, сондай-ақ жолданымдар жіберілетін әкімшілік органды, лауазымды адамды таңдауды негіздеп, Қазақстан Республикасы заңнамасының жіберуші және қабылдаушы әкімшілік органдардың, лауазымды адамдардың өкілеттіктерін айқындайтын нақты нормаларына сілтеме келтіреді.».

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының**
**Премьер-Министрі** **О. Бектенов**

**Подпись канцелярии**
23.10.2026 18:22 НЕСИПОВ АЙДОС
**Подпись руководителя**
23.10.2026 15:57 БЕКТЕНОВ ОЛЖАС

Рег.№ Д-5736//953 Рег.дата 23.10.2026 Копия электронного документа. Дата: 29.10.2026 11:43. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

| | |
|---|---|
| **Тип документа** | Входящий документ |
| **Номер и дата документа** | № Д-5736//953 от 23.10.2026 г. |
| **Организация/ отправитель** | АППАРАТ ПРАВИТЕЛЬСТВА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН |
| **Получатель (-и)** | МИНИСТЕРСТВО ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН |
| **Электронные цифровые подписи документа** | Государственное учреждение "Аппарат Правительства Республики Казахстан"<br>Подпись руководителя: БЕКТЕНОВ ОЛЖАС<br>MIAGCSqG...CAAAAAAAA<br>Время подписи: 23.10.2026 15:57 |
| | Государственное учреждение "Аппарат Правительства Республики Казахстан"<br>Подпись канцелярии: НЕСИПОВ АЙДОС<br>MIIRaQYJ...XxR/qNmOQ<br>Время подписи: 23.10.2026 18:22 |
| | ЭЦП канцелярии: Ержуманова Зауреш Жанатовна<br>без ЭЦП<br>Время подписи: 23.10.2026 19:46 |

Согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан настоящий электронный документ, соответствующий требованиям Цифрового кодекса Республики Казахстан и удостоверенный посредством электронной цифровой подписи лица, уполномоченного на его подписание, равнозначен документу на бумажном носителе, подписанному собственноручной подписью.

Кох Елена Анатольевна 29.10.2026 11:43

Рег.№ Д-5736//953 Рег.дата 23.10.2026 Копия электронного документа. Дата: 29.10.2026 11:43. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП